

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 239 "2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 358 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 қаңтарда № 4222 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 қыркүйектегі № 299 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 30.09.2016 № 299 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 6 ақпанда № 10190 болып тіркелген) сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 239 "2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4067 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) аталған қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аудандар және Орал қаласы бойынша дақылдар бөлінісінде бекіту туралы";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған 2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аудандар және Орал қаласы бойынша дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормалары

бекітілсін.";

3) аталған қаулымен бекітілген 2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аудандар және Орал қаласы бойынша дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормалары осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі, аудандар және Орал қаласы әкімдері осы қаулыны іске асыру бойынша қажетті шараларды алсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ А. Мамытбеков

18.12.2015 ж.

2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 358

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
қосымша

2015 жылғы 3 қыркүйектегі № 239

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

**2016 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ
будандарының
тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аудандар және Орал қаласы
бойынша
дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормалары**

№	Аудандар (қала)	Дақыл						
		бидай	арпа	сұлы	күздік қара бидай	қарақұмық	жүгері (будан)	дәндібұршақты
1	Бөрлі	7,800	13,946	5,200	16,068		39,000	27,300

2	Зеленов	7,970	14,240	5,135	16,418	1,300	39,000	27,300
3	Сырым	7,891	14,018	5,200	14,300			
4	Таскала	7,963	14,300	5,200	16,120			
5	Теректі	7,961	14,300	5,200	17,075	1,300	39,000	30,333
6	Шыңғырлау	7,960	14,300	5,200	16,106			
7	Орал қаласы	7,973	14,300	5,200	16,106			27,300

№	Аудандар (кала)	Дақыл						
		мақсары	күнбағыс (сорты)	күнбағыс (будан)	картоп	біржылдық шөптер	д ә н д і көпжылдық шөптер	бұршақты көпжылдық шөптер
1	Бөрлі	0,390	0,500	13,000	277,530	0,039	13,000	13,000
2	Зеленов	0,429	0,496	13,000	267,800	0,058	13,000	13,000
3	Сырым	0,325	0,433	13,000	257,400	0,034	13,000	
4	Таскала	0,390	0,433	13,000	300,529	0,043	13,000	13,000
5	Теректі	0,423	0,634	13,000	300,368	0,051	13,000	13,000
6	Шыңғырлау	0,414	0,520	13,000		0,047	13,000	13,000
7	Орал қаласы	0,390	0,520	13,000	277,694	0,033	13,000	13,000